

Қайрат ЖҰМАҒАЛИЕВ

КҮНШҮАҚ

*Өлеңдер, балладалар,
поэмалар*

“Елорда”
Астана - 2001

ББК 845 Қаз

Ж 80

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АКЛАРАТ
ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ
БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Қ. Жұмағалиев.

Ж 80 Құншуақ. Өлеңдер, балладалар, поэмалар.
Астана: Елорда, 2001. - 240 бет.

ISBN 9965-06-143-2

Бұл жинаққа ақын Қайрат Жұмағалиевтің өр тақырыпта топтастырылған өлеңдері, балладалары, поэмалары еніп отыр. Азаматтықты, парасаттықты, нәзіктікі әсерлі бейнелеген ақынның тілі шүрайлы.

Ж 4702250202-154
450(05)-1

ББК 845 Қаз

ISBN 9965-06-143-2

© Қ. Жұмағалиев, 2001.

Әдеби-көркем басылым

Қайрат Жұмағалиев

ҚҰНШУАҚ

(өлеңдер, балладалар, поэмалар)

Редакторы *Б. Беделханұлы*

Техникалық редакторы *С. Бейсенова*

Корректоры *Т. Хасенова*

ИБ № 160

Теруге 4.10.2001 ж. жіберілді. Басуга 11.12.2001 ж. қол койылды.
Пішімі 84x90 1/32. Қазақ оғсөттік. Қаріп түрі "Таймс".

Басылымы оғсөттік. Шартты баста табагы 10,5.

Есептік баста табагы 10,81. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 3541.

Қазақстан Республикасы

Мәдениет, акларат және қоғамдық келісім министрлігінің
“Елорда” баспасы, 473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25.

“Ақмола полиграфия” жабық акционерлік қоғамы,
473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25.

**ЖАББАРЫМ!
ЖАЛҒАНДАҒЫ ҚОНАҒЫҢМЫН!
ҚОНАҚ БОП,
АЛДЫ-АРТЫМДЫ ШОЛА БІЛДІМ.
ӘМІРГЕ КЕЛМЕУІМ ДЕ МҮМКІН ЕДІ,
КЕЛТІРГЕН ҚҰДІРЕТИҢЕ –
ТОБА ҚЫЛДЫМ!**

ФАРАБИ

Қан жылап, қара көзін жаспен шылап,
 Қайғымен қараң өмір кешкен шыдап,
 Шынына ақыл-ойдың шырқап шығып,
 Жалындал,
 Ел көгінен өшкен құлап.

Жат жерде жүдется де тұл тағдыры,
 Сақтады ол елге деген інкәрлігін,
 Басқаның болмаса егер туған топырақ —
 Бес тыын сұлтандығың, сұнқарлығың.

Аян ғой көңіл мұңмен тотығары,
 Жетім қозы маңырап отығары.
 Жүрсе де қиян асып, жер түбінде
 Тұрды оның көз алдында Отырары.

Өн бойын құрсаулаған қatal өмір
 Керіліп көз алдында жатады өнір.
 Жанын жеп опат болған Отырары,
 Ойраны шыққан қамық, қапа көңіл.

Далама оралармын деген бір күн,
 Нұрлы үміт сөүле шашып дүркін-дүркін
 Жүрді ол.
 Дем бітпесе — тіршілікпен
 Көз қыып қоштасар ма пенде шіркін?!

Қырық ру, қырық пышак,
 Кері кеткен
 Елді ойласа, ата жау еніреткен,
 Көз алдынан кетпейді сақарасы
 Сұлаған —
 Сары атандай белі кеткен.

КҮНШУАҚ

Заманның кезікті ме желгіріне,
Адамның көзікті ме көлгіріне —
Сайын тұз пана болып тұра алмапты
Әзелден асып туган өр гүліне...

...Еңсесін басып заман жалбыр күзі,
Мұң қарып, солып талай балғын жүзі,
Туған ел, туған жерден опа таппай
Даламның ерте сөнген сан жұлдызы...

ЖАЙ ОТЫ

Қаби Эжігалиевке

Мінезі мәрт,
Көрмеген тегі налып,
Сақара құшағына еніп алып,
Сайрандап сайын тұзде сауық құрған
Саф ауага семірген сері халық.

Ұмытпай жауда кегін, дос қамын да,
Лекіте төгілткен сан дастанын да,
Төбеден қайғы бұлты қабақ түйсе,
Әнімен аршып алған аспанын да!

Құні жоқ жанарына шық қонбаған,
Кешегі сор заманда бұлт торлаған,
Қанішер ғасырларға төтеп берген
Өрлігін бүгін танда үққан ғалам.

Үлгерген талай жүдеп, тоналып та,
Әмірден у ішіп те, нәр алып та,
Мениң халқым — жарқылдақ жайдың оты
Қаймықпай тамыр жайған қара бұлтқа.

ЕСІЛ АҒЫП БАРАДЫ...

Есіл ағып барады, Есіл ағып,
Есіл ағып барады есіп ағып.
Қыз бұрымды, қылықты ерке Есіл
Көрген жанның қояды есін алып!

Кең даланы барады кешіп ағып!

Тебіреніп қуатты толқынынан
Қандай тенеу тапсан да олқы бұған.
Арқаның ақ еркесі Есіл ару
Қытықтайды жондарды қолтығынан...

Қанша көріш жүрсе де толқыр ұлан...

Бір көрсөң —
Толқынына шайқап алып,
Көңілі ояуга сыр айтады анық.
Өлкемнің араласаң арқа бетін
Тәтті үні әр тараптан қайталанып,


Жүргені ұзап барып, қайта оралып...

Даламның қас-қабағын баққан дәйім,
Көп жерін көрмегені батқандайын
жанына —
Бір бойжеткен жаутаң қағып,
Дәп ұзатылып бара жатқандайын.

Жарқ етер жалт бұрылса ақ мандаиды...

Сақарамда қошемет сыйға қанбай,
Еркелеткен елімді сыйлағандай,
Жүре түсіп, жалт қарап, қайта оралар
Қасиетті өнірді қимағандай...

Қимағаны-ақ адамды қинағандай...



ҮШ ҰЛЫ ЕЛ

Бір Досым бар
 Бала кезден өзім көміл сенетін,
 Тіпті, армандарымыз да
 Үқсас болып келетін...
 Саяхатшы боламыз деп,
 Сырласуши ек оңаша,
 Кындық та үқсас еді біздер кейін жеңетін.

Бала кезде біздер үшін
 Бәрі — нақты,
 Бәрі — айқын.
 Шығандаған қиялымыз
 Тек биікті қалайтын:
 Мұхит,
 Құрлық,
 Теніз,
 Арап,
 Бұғаз,
 Тұбек,
 Шығанақ —
 Жердің Шарын талай шарлап шығуға да
 жарайтын.

Амал бар ма,
 Бізден, бірақ, саяхатшы шықпады,
 Дос бол қалдық.
 Көніліміз соны медеу тұтқаны.
 Басқа көсіп жолын қып,
 Кете бардық сонырқап...
 Біз жиһангез бола алмадық.
 Соны Тағдыр құптады.

Ойлаушы едік,
 Өмір көші бізге қарап қалды деп,
 Екеуміздің алдымыздан үміт-шырақ жанды көп.
 Біздер білім таластырып,

Тайталаса кетуші ек,
Шетімізден
Жағырафия пәніне тым алғыр ек.

Біз мөлшерлеп жатпаушы едік
Жақын менен жырақты
Оқыс сауал беріп сынау —
Әдетіміз тұрақты.
Тұтқылдан тосын сұрап,
Тосылдыру —
Маған шарт,
Дәл төбеден түскендей ғып,
Қояр Ол да сұрақты.

— Білгішпін деп ойлайсың ба,
Өзінді Сен, сонымен,
Сәл сабыр ет!

Қазір сынап көрейінші оны мен:
Айта қойшы,
Ресейден соң
Екінші орын алатын
Қай мемлекет,
Алып жатқан жер көлемі жөнінен? —

Ондай-ондай сауалдарға жиылмайды айылым,
Женіл сұрақ бердің бе деп,
Бетке басып айыбын:
— КАНАДА! — деп дүңк етемін,
Әжептәуір бұлданып.
Білген жерге дөп түскені!
Мұным шолақ қайырым!

Ол да өзінше мардымсиды,
Өзін-өзін демейді,
Ересекке балап өзін,
Сәл тамағын кенейді.
— Білсең — айтшы, —

КҮНШУАҚ

Деймін оған, —
УРУГВАЙ елінің
Астанасын? —
Ол ойланбай:
— МОНТЕВИДЕО! — дейді,
Қандай өзен теріс кеткен,
Теңізді іздең ақпайды,
Қай теңізде —
Шалқасынан жатқан адам батпайды,
Бізге бәрін білген ләзім —
Дала,
Қала,
Елдерді,
Қай өлкеде —
Күн батпайды,
Батса —
Таңы атпайды...

Жер Шарының тұқпірі жоқ
Біз екеуміз бармаған,
Біз білмекке құштар боппыз —
Қазір соған таңғалам...
Таңғалатын жөнім де бар,
Қарап тұрсым —
Бір қызық:
Сол Досымның
Жас кездегі мінезі өлі қалмаған!

Бірде Досым жымың қағып:
— Мойындаймын расында
Сені, достым!
Бірак, маған
(Дәл мұнысы тосын да!)

Қос құрлықты жайлап жатқан
Атап берші үш елді! —
Деп төтеннен сауал қойды дастарқанның
басында.

Дедім оған:
— Ұлы РЕСЕЙ!
Евразияны жайлаған!
Екіншісі —
ҚАЗАҚСТАН!
Менің шалқар бай Дағам! —
Сәл бөгелдім...
— Үшіншісі!
Үшіншісін айтсағышы! —
Деп тақымдаң барады өзі,
Түрін көрсөң жайнаған!
— Үшіншісі —
ТУРКИЯ ғой!
Қаны бірге қандасым!
Талайы бір тағдырласым!
Жаны бірге жандасым!
— Жарайсың, Сен!
Деп құшақтап,
Қақты Дағым арқамнан,
Мәз-мейрам бол,
Менен күткен жауабын тез алғасын...

ДОСЫМНЫҢ КЕҢЕСІ

“Ентелей, еркін басып,
Күле кірген
Асылдар
Жылап өтті бұл өмірден...” —
Деп едім,
Дағым айтты:
“Болмысты сен
Даттамай,
Жырласаңшы жүрегіңмен!”

“Ентелей, еркін басып,
Күле кірген
Асылдар
Күліп өтті бұл өмірден!” —

KҮНШУАҚ


Деп едім,
Досым айтты:
“Болмысты сен
Боямай,
Жырласаңшы жүргегінмен!”

“Қадірін тіршіліктің
Біле-білген —
Күрессіз
Бұл өмірден!” —
Деп едім,
Досым айтты:
“Бұл жолдарың —
Ақиқат,
Шықса керек жүргегінен!”

FҰМЫР

Абзал достым!
Дұрыс айттың-ау!
Бұл — анық!
Осы сөзің
Өлеңге түр сұранып...
Оның рас:
Қысқа ғұмыр ішінде
Үлгереміз
Біз мың мәрте сыналып.

Мұның бәрін
Ерте үғынған бұл қазақ...
Ғұмыр кешу —
ҰҒЫР БОЛМАС НҰРЛЫ АЗАП!
Бұл тірліктің
Үміт,
Күдік,
Шаттық,
Шер,
Күн мен Тұннен
Құралары —
Бір ғажап.



Хош аласың
Қоңыр кешін,
Ақ таңын,
Күн шыққанын,
Ай толықсып батқанын.
Жер ортаға жете бере —
Ұғасың:
Көңілінде
Бәрі сайрап жатқанын.

Бәрі есімде:
Аналардың мұнды өні,
Бала кезім —
Қатал соғыс құрбаны,
Жақсылық та,
Жамандық та,
Тұп-түгел
Көз алдымда
Әлі күнге тұр бәрі.

Бертін келе
Берілгенім ойға мен;
бір сыры бар шығар,
Мұны жай демен!
Уақыт-сағым шайып кетпей
Қаз-қалпы
Қалай есте сақталған деп,
Қайран ем.

... Абзал достым!
Оның рас!
Ұғындым —
Бұл сөзінді
Биігінен Бүгіннің:
Ұмытуға үлгерпейді екен де
Откен күнді —
Қысқалығы ғұмырдың...



МҰХИТТЫҢ “ЗӘУРЕШІ”

Дерпті жан шамырқанып, көп толғанып,
 Қатігез тұл тағдырын үққан налып,
 Қара күнде
 “Зәурештей” аңы зары
 Өзегін от боп өртеп, шыққан жарып.

Отыз үл бар күнінде асқан бағы,
 Төбеден жай түссе де жасқанбады.
 Оны жерге қаратқан
 Отыз қаза —
 Ажалға барап отыз баспалдағы.

Қабагат қалың қайғы тосқан алдан,
 Жас тамбады қаңсыған қос жанаардан.
 Жарық дүние жалт беріп қысастықпен,
 Жалпақ жаһан құлазып босқа қалған.

Зұлмат хаққа төзетін шыдам қайда?!

Безінді ол адам түгіл құдайдан да!

Отыз бірдей жапырағын солдырғанша,
 Онан да жаббар ие мұны алмай ма!

Жүрер дейсің бұл енді шыдап қанша...
 Баста мәз ғып,
 Артынан жылатқанша,
 Құдай-ау, неге бердің отыз үлды!
 Арман бар ма — артында түяқ қалса...

Кіндік қаны тамған бұл дала өнірін,
 Айналуга келмейтін тар өмірін
 Садақа етер еді-ау,
 Не шараң бар,
 Көпсінді ғой Алласы ақ өлімін!

Уа, “Зәуреш”!
 Айналайын, ару өнім!
 Көтерген ұлы өнердің аруағын!
 Шырқайды сені халқым шаттанса да,
 Шырқайды батса-дағы жанына мұн.

Сен барда — жан иесі серпілмек бір,
 Енеді кеуделерге еркіндеп нұр.
 Шығандап өзің шыққан шырқау көкте
 Өнердің түндігі өлі желпілдеп тұр!

Өзіңсін — шалқар сезім дариясы,
 Әр үнің — жырдың басы, ар ұясы,
 Шырқатқан жалпақ Даға сахнасында
 Қазекеңнің қаралы ариясы...

АЯУЛЫМ МЕНИҢ - АЛМАТЫМ!

Армысындар,
 Айбыны асқан Алатаудың сан алыбы,
 Баурайында жалын атқан жасыл баудың лала гүлі!
 Жетісуда —
 Жерүйықта
 Жаңа ғана көзін ашқан
 Егеменді еліміздің
 Жайрандаған жаңа күні!

Ала таңмен
 Алатаудан аппақ сәуле ақтарылып,
 Күнмен бірге
 Күнгей өлкем тұрған мынау шақта күліп,
 Нұры тасып келбетінен,

КҮНШУАҚ

Кемел көркі көз жауын ап,
Бас игендей сипатына жақын түрмак, жат табынып.

Шапагатты шұғыласына
Жеті өзенді қандырып тан,
Бейбіт танда
Көсіледі корер көзді талдырып маң.
Келер күндер
Елеңдесіп қарап тұрған секілденді
Алтын бесік туған өлкем дабысымен жаңғырыққан!

Жетісуым жомарт өлкем —
Бейне жаннат,
Иранбак,
Бейбіт таңды қарсылайды дәйім жаңа сый дайындалап.
Бүгін танда —
Әрбір жүрек бақыт кернеп,
Шабыт тербел,
Бүгін танда —
Әрбір перне күмбір-күмбір күй қайырмак!

Халқымыздың
Көкке өрлеген көңілімен бой таласқан,
Бейбіт заман шапагымен арайланған байтақ аспан!
Ару қала —
Алматымыз
Тағзым етіп келгендерге,
Таңдануга келгендерге —
Кең құшағын айқара ашқан!

Тұған жерге бақыт дәнін тынбай сеуіп,
Тер төгіп ең,
Қайран, халқым,

Дәурен алда —
Қызығы мол ертегіден!
Күлім көзді көркем қала —
Алматымыз
Оянады
Күншығыс боп,
Егеменді Отанымның дәл төрінен!

Алатауды —
Арман тауды —
Дана тауды мекендейміз,
Қандай асқақ арманға да
Ұсынсақ қол жетер дейміз!
Тәуелсіз ел перзенттері —
Мениң алматылықтарым,
Алатаудай мәңгі жас боп қалсаңыздар екен дейміз!

КӨШПЕНДІЛЕР

Адамзат ұлы
Бекерге қадам баспаған,
Жолдардың өзін келер күндерге бастаған;
Жер-Анамызы
Жанындай жақсы көргеннен
Ықылым күннен
Жолдармен шырман тастаған!

Самарқау сыршым —
Шежіремнен де сезем мен
Адамзат ұлы
Жасыл бақты да безенген,
Көл менен шөлді,
Көк теңіз,
Мұхиттарды да
Жол жүру үшін қажет деп білген ежелден!

KҮНШУАҚ



Тіршілік заны
Аңзы-тұщыны татырған,
Көзін ашқалы үмітпен таңды атырған
Халықтар
Мидай аралас болған ежелден —
Толқынға ұсап,
Долдана дауыл сапырған...

Не талай тарих жазылды-ау...
Әлі жазылар.
Армандар барда —
Өмірдің жолы созылар.
Калле ақын егер шын айтса —
Эстон халқының
Музыкасында
Қиыр Шығыстың сазы бар...

Ой жіберсем-ақ
Мен, тіпті, қайран қаламын,
Ықылым күннің сырына небір қанамын.
Табиғатын да танимын талай халықтың
Тыңдаған кезде
Хикаясы мен сал әнін.

Япырай деймін,
Көңілді талай шалқытқан,
Ататын айдын төсінде дәйім балқып таң,
Қалайша деймін
Осынау Қиыр Шығыстың
Әуені пайда болды екен көрі Балтықтан?

Есіме тұсті —
Қарасам тарих өріне
Айықпай қойған қасірет, қайғы, шерінен...

Еуропада венгрлер отыр бүгінде
Келдік деп бір кез
Азияның сонау төрінен...

Ол рас.
Тұған жерінен кіндік ұзді де,
Талайлар кетті –
Жел құған қайық жұзді де...
Есіме тұсті,
Есіме тұсіп таң қалдым:
Көшпенді халық дейтіні
Мына бізді де.

Ұқпаймын, әсте...
Көкейге бұл сөз қона ма?!
Көшпенді деген ұғымға көnlің тола ма?!
Тұған жерінде
Ұлтаны аумай отырған
Халықты,
Сірә, көшпенді деуге бола ма?!

ТУҒАН ЖЕР

Перзентің қадірінді үғар жастан,
Таулы өлкем тұман басқан,
Шынар басқан.
Сәскеге дейін талмай сапар шегер
Өрінде
Өркеуде күн шыға алмастан.

Қар тұсті бүгін тауда алғаш рет,
Былтырғы өткен қыстың жалғасы деп.
Шындар сұсты болды ма әлде содан –
Бойында
Кәрлі қыстың таңбасы көп.

Бейне бір құлдыраған тау қыраны,
Шындардан
Құланиек таң құлады.
Қар басқан шыршаларды самал желпіш,
Жасарыш,
Жап-жасыл бол қалды бәрі.

КҮНШУАҚ

Бұл таудың ну орманы,
 Өз бұлағы,
 Әманда дархандықты сөз қылады.
 Мәңгі қыс,
 Мәңгі көктем көрші қонған,
 Аппақ қар,
 Жасыл шырша көзге үрады.

Ошпес нұр шың басынан таралғандай,
 Жанарым
 Сол шұғыладан нәр алғандай...
 Қазақтың кең пейілінен –
 Сарыарқасы,
 Әр көңілінен –
 Алатау жаралғандай!

ТАҢЫРҚАМАН

"Аз жерге де
 Шүкіршілік етер ме ек...
 О, қазекем!
 Байтақ жерді мекендей... -
 Таңданар жұрт:
 - Еуропаның бұл жерге
 Пәлен елі сыйып кетеді екен,"- деп.

Ал өз басым
 Көп таңырқай қоймаймын,
 Көне тарих шежіресіне бойлаймын:
 "Жаббар ием
 Әр халыққа
 Жерді де
 Пейіліне сай бөлген бе?!" - деп ойлаймын.

КҮЙ

Ыңыранды "Көбік шашқан" тасқындармай,
 Жүректе ацы дерптің асқынғаны-ай!
 Қайтып та елжіремес ел жүрегі,
 Мөлтілдеп қара көзге жас тұнғаны-ай!

Қайрат Жұмагалиев

Кім, сірә, қастерлемес бүл өнерді,
"Серпер" күй көніл бүлтын түре келді!
Шемен боп көкіректе қатқан қайғы
Көктемдегі сен құсап жүре берді.

Құрман ата құдіреті ала бөтен:
Тыңдасан қөзіңнен жас тамады екен;
Артынша құймен тербел құллі халқын
Жас балаша жұбатып алады екен.

СЕН ЖЕТКІЗДІҢ


Бұгін тағы сырқаттанып қалдың-ау,
Бұгін тағы,
Ана, күйіп-жандың-ау.
Сен ауырсаң -
Бір уыс боп қаламыз,
Сен ауырсаң -
Құлазыған хал мынау...

Сенсіз жерде
Үміт оты жана ма,
Ай жүзіңнен айналайын, жан Ана!
Жүргіме жалын қүйдің жасымнан,
Мейірімің -
Сүтпен енген санама.

Көрілікке бас имеген оншама,
Жесірлік кеп
Жастай қоңсы қонса да.
Жүремін мен дәйім жүртқа мақтанып,
Әлі жас деп
Дәл жетпіске толса да!

Әлде сонау мен көрмеген сындарда,
Өлім, өмір арпалысқан жылдарда,
Тайғақ кешу
Жүрекке өжім салды ма,
Сол жылдардан қалып кеткен
Мүң бар ма?!

KҮНШУАҚ



Жесір тағдыр
 Сөндірді ме гүлінді,
 Қой күзетіп білмеуші едің тынымды.
 Қарашада
 Қара сұық қақаушы ед,
 Жоғалттың ба сонда
 Денсаулығынды?!

Өзің үшін –
 Не болса да – көрер ем,
 Өзің үшін –
 Не салса да – көнер ем.
 Көне мұнды
 Көңіліңен серпе алмай,
 Жүр ме өлде келін-балан, немерен?!

Бірге атырсақ бейбіт күннің тандарын,
 Көтертпес ем
 Енді өмірдің салмағын.
 Дүнияда
 Болмас еді-ау арманым,
 Бақытыңың ұзақ татсаң бал дәмін.

Аналардың арқасында өркеуде,
 Қалың гүл ек қаптай өскен өртенгे...
 ...Сен жеткіздің
 Мені арқалап Бүгінге,
 Мен арқалап жеткізе алсам
 Ертенге...

ДАЛАДАЙ ДАРҚАН ДАНАСЫН

Mұхтар Әуезовке

Қазақтың байтақ даласын
 Самалды салқын белдерін,
 Атырау, Алтай арасын
 Шабыт бол шалқып тербедің.

Кайрат Жұмагалиев

Әлемге аян бүгінде, -
Халқыңың жүзі арайлы:
Алуан елдің тілінде
Сөйлеттің өзің Абайды.

Халқыңмен бірге аттанып
Келешекке ұзап барасың.
Ұрпағың жүрер мақтанып —
Даладай дарқан данасың.

Тербейсің туған өнірді
Жылдарда даңқың жаңғырып!
Шәкірт бол бастап өмірді
Ұстаз болып қалдың мәңгілік!

Тұрасың бақыт таңында
Жұлдыз бол жанып шындарда.
Сен барсың -
Халқың барында!
Өшпейсің -
Алтын күн барда!

АҒАЖАН, АРАМЫЗДАН КЕТЕ БАРДЫҢ

Тайыр Жароковқа бағыштаймын

Ағажан, күлкі сөнді нұр өңінен,
Қоштасып бүгін халқың түр егілген.
Мениң де жанарымды кетті жуып
Ыстық жас атып шыққан журегімнен.

Жүректен аңы шерін дос ағытты,
Баршасын ауыр қаза құса ғышты.
Қара жер
Қара көздің
Қанды жасын
Ағажан, өзіңменен қоса жүтты.